

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## **Онжылдықты жоғалттық па, жоғалтпадық па?**

Жақында (ДБ) 2012-2022 жылдарды Қазақстан экономикасы үшін «жоғалған онжылдық» деп атады. Дәл осы жылдары елде үдемелі индустриялық-инновациялық даму және басқа да көптеген бюджеттік бағдарлама жүзеге асырылды. ДБ сарапшылары бұл бағдарламаларға триллиондаған теңге жұмсалғанын айтып, «пайдасыз шығынға кім кінәлі?» деген сұрақты төтесінен қойып отыр. Ұлттық экономика вице-министрі Тимур Жақсылықов Дүниежүзілік банк көзқарасымен келіспейтінін айтты. Тәуелсіз сарапшылардың пікірі екіге жарылды.

### **ДБ не айтты?**

Дүниежүзілік банк сарапшылары атап өткендей, Қазақстан бірқатар нарықтық реформаны табысты жүргізді, ол 2008 жылға дейін өз жемісін берді де. Бірақ кейін экономика өсімі бәсеңдеп, 2012-2022 жылдары әртүрлі компаниялар өнімділігі өсуінің баяулауы жылына 4,5%-дан 0,9%-ға дейін тіркелді. Ал тәуелсіз сарапшылар кейбір олигархиялық топтардың экономикамызға тырнағын қаттырақ батыратыны нақ сол 2012 жылдардан басталатынын айтады.

Халықаралық сарапшылар 2012-2022 жылдар аралығында қолға алынған мемлекеттік бағдарламалар жағдайды нашарлатып жіберді деп есептейді.

«Kusto Group» басшысы Еркін Тәтішев CFO Summit-те соңғы 10 жыл (2021-2022 жылдар) экономиканы дамытқысы келетін бизнес-элита үшін де босқа кеткенін айтты. Оның сөзінше, ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) деңгейі үш есе өскен кезде әлеуметтік теңсіздік те үш есе өсіп, 40 миллион халқының жартысы қалада, жартысы далада тұратын Аргентинаның жолын Қазақстан қайталауы әбден мүмкін.

«Қазір халық саны 10 мыңнан асатын ауылдардың қалаға айналу мүмкіндігі мемлекеттік деңгейде қарастырылып жатыр. Біз жаңа қалалардың пайда болуымен шектеліп қалмай, аймақтардың бір-бірімен бәсекелесіп отырып дамуына басымдық беруіміз керек. Шағын елді мекендерді дамыту үшін олардың аймақтық ерекшеліктері көрсетілген жеке саясат, бәлкім, бөлек салықтық ұсыныс болуы керек шығар. Біз

соңғы шешімді аймақтардың бәсекеге қабілеттілігіне қарай отырып қабылдауымыз керек», дейді Е. Тәтішев.

Айтуынша, экономиканы дамыту үшін бәсекеге қабілетсіз ойыншыларды алып тастау керек. Ішкі нарықта ойын ережесі әділ болса нарық әлсіз ойыншылардан тазарып, мықтыларын жарыққа шығарады. Сарапшы айтып өткен келесі мәселе – адам капиталы. Оның айтуынша, бюджетіміздің асқазаны бос болса да, адам капиталына инвестиция салуды кейінге қалдыруға болмайды. Осы бағыттағы ақтаңдақтар бизнес пен биліктің әріптестігі, бизнестің әлеуметтік әріптестігі сынды салмақты бастамалардың бастапқы маңызын ұмыттырып жіберді дейді. Мысалы, кәсіпкер осы бастама бойынша бір жобаны қолға алу үшін оған 3 жыл бойы құжат дайындауға тура келетінін де қаперге салып өтті. Оның айтуынша, қазақ бизнесінің 40 пайызы Алматы мен Астана, Ақтау тәрізді ірі қалаларда шоғырланған.

«Бұрынғы Үкімет негізінен дағдарысқа қарсы күн тәртібімен айналысты, күрделі мәселелерін шешуден гөрі, сын-қатерлерге көбірек жауап берді. Бизнес те, қоғам да жаңа Үкімет құрылымдық реформалар жүргізіп, ел экономикасының игілігіне жұмыс істейді деп күтіп отыр. Орталық бюджетке тәуелді аймақтардың екінші тынысын ашу үшін мемлекеттік бағдарламалар емес, қарапайым шешімдер жеткілікті. Бизнес өкілдерінің табиғаты спортшылармен ұқсас. Қазақ бизнесмендері кез-келген ортада айналысатын кәсіп көзін тауып алады. Егер атмосфера дұрыс болса, бизнестің екінші тынысы ашылады. Дүниежүзілік банк өз баяндамасында айтып өткен «жоғалған онжылдық» – менің де өмірімнің жоғалған онжылдығы. Бұл бірдеңе жасағысы келетін белсенді адамдардың жоғалған онжылдығы. Біз жіберіп алған мүмкіндіктің орнын толтыру үшін жаңа мүмкіндіктердің есігін ашуымыз керек. Өз жерімізде тұрып жатырмыз, тиісінше экономиканың барлық сегментінде белсенді болғаннан басқа амал қалмады», дейді Е.Тәтішев.

Оның пікірінше ел экономикасының өркендеуіндегі екінші маңызды қадам – ондағы мемлекеттің үлесін азайту. Мемлекетке қарағанда жеке қаражатына тәуекел еткен инвестордың мотивациясы әлдеқайда жоғары. Сондықтан жаңа өндірісті қаржыландырудың барлық

бағдарламасы бірінші кезекте мемлекеттік қолдауға емес, жеке бизнеске арқа сүйеу керек деген ой айтады.

Экономист Айдархан Құсайыновтың айтуынша, экономикамыз дертті: толыққанды сауығуы үшін оның себеп-салдарын білуіміз керек.

«Осыдан оншақты жыл бұрын біздің ел солтүстіктегі көршіміз тәрізді голланд ауруын бастан кешті. Мұнай мен газ экспортының өсуімен рубль мен теңге қымбаттады, бұл шикізаттық емес экспортқа теріс әсер етті. Шынын айтсам, экономикамыздың дерттен сауыға бастағанын білдіретін белгілерді көріп тұрған жоқпын. Егер экономикадағы құрылымдық өзгерістерді бүгін бастамасақ, 2032 жылы билік басында болған тұлғалар қазіргі әнді «басқаша айтады», ол кезде «2012-2032 жылдардағы жоғалған жиырмажылдыққа» себеп болған факторларды талдауға тура келеді. Экономикамыздың өлшемін доллармен салмақтауды тоқтату керек. Біз тәуелсіз елміз, ішкі жалпы өнім ұлттық валютамызбен есептелуі қажет. Табысымыз теңгемен, бағамыз теңгемен өлшенсін. Дүниежүзілік банктің Қазақстанның жоғалған онжылдығы туралы есебі елге өзгерістер мен реформалардың қажеттілігі туралы белгі береді. Ел өмірінің әртүрлі саласындағы жүйелі өзгерістер мен жетілдірулер арқылы ғана шын мәніндегі тұрақты дамуды күтуге болады», дейді А.Құсайынов.

### **Ұлттық экономика министрлігі не дейді?**

Ұлттық экономика вице-министрі Тимур Жақсылықов ақпан айының соңында Сенатта өткен брифингте ДБ мәлімдемесіне «шамадан тыс бағаланған» деп баға берді.

«2020-2022 жылдардағы пандемиялық дағдарыс кезінде сыр берген экономикамыз 2023 жылдан бастап қайта ес жиды. Өткен 2023 жылы 5,1 пайыздық экономикалық өсу деңгейіне қол жеткіздік. Биылғы өсімді 6 пайыздық деңгейде күтіп отырмыз», деді вице-министр.

Біз министрліктің атына қосымша сауалдар жолдап, төмендегідей жауап алдық. ҰЭМ баспасөз қызметінің бізге берген жауабында айтып өткендей, көрсетілген кезеңді «жоғалған онжылдық» деп атауға болмайды.

«Он жыл ішінде ІЖӨ көлемі 2012 жылғы 31 трлн теңгеден (208 млрд доллар) 2022 жылы 103,7 трлн теңгеге дейін өсті (225,3 млрд доллар

болды). Нақты мәнде экономика 10 жылда (2012-2022 жылдары) 40,7%-ға өсті. ІЖӨ құрылымында өнеркәсіптің өсуі 24,5%-ды құрады, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі (45,4%) тау-кен өндірісіне (13,5%) қарағанда жылдам өсті. Құрылыс саласы нақты мәнде 102,9%-ға өсті. 10 жыл ішінде ІЖӨ құрылымында сапалы өзгерістер болды. ІЖӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2012 жылғы 11%-дан 2022 жылы 13,4%-ға дейін артты. Сыртқы сауда айналымы 2022 жылы рекордтық 135,5 млрд долларға жетті. Аталған кезеңде 252,2 млрд доллары тікелей шетелдік инвестиция тартылды, оның ішінде 150,8 млрд доллары шикізаттық емес секторға (тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу жоқ) бағытталды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 2012 жылғы 5,5 трлн теңгеден 2022 жылы 15,3 трлн теңгеге дейін өсті. Нақты мәнде 10 жылдағы өсім 80,5%-ды құрады. Ұлттық қордың активтері 2022 жылдың соңында 55,7 млрд долларды құрап, 2011 жылдың аяғынан бастап 12,1 млрд долларға (43,6 млрд доллар) өсті», делінеді жауапта.

ҰЭМ хабарлауынша, халықтың нақты ақшалай табысы 10 жылда 38,1%-ға, нақты жалақы 39,5%-ға өсті. 10 жыл ішінде жұмыспен қамтылғандар саны (2012 жылдан 2022 жылға дейін) 464 мыңнан аса адамға артып, 2022 жылы 8,9 млн адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 2012 жылғы 5,3%-дан 2022 жылы 4,9%-ға дейін төмендеді.

«Шағын және орта кәсіпкерлік белсенді дамыды. Экономикадағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 17,1%-дан 35,1%-ға дейін өсті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша секторда жұмыспен қамтылғандар саны 4,1 млн адамға жетті (2012 жылы – 2,4 млн)», деп мәлімдейді министрлік.

Ұлттық экономика министрлігі алаңдауға негіз жоқ, барлық жағдай бақылауда десе, бизнес өкілдері мен экономистер 30 жылда жасай алмаған істі 5 жылда жүзеге асыру қиын екенін айтып, дабыл қағады. Олардың пайымынша, саяси жігер мен қосымша инвестиция қажет: Билік пен бизнес арасындағы әріптестік туралы бұрыннан айтылып келе жатқан ұсыныс бәсекелестік жағдайында қайта жалғасын тапса игі. Сонда ғана 2032 жылы «жоғалған жиырмажылдықты» жоқтамайтын боламыз.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ